

# XV-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ

---



- 
- 15-18 ғасырлардағы қазақ әдебиетінде он екі–он үш ақын–жырау аса көрнекті орын ұстады. Олардың өлең-жырларынан халықтың өмір-тіршілігі, көңіл–күйі, салт–санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез–құлық өлшемі мен дүниеге көзқарасы, сол дәуірдің рухы бейнеленді.
  - Бұл ақын–жырауларды халқы ақылгөй атадай ардақтап, олардың ақыл–нақыл тұжырымдарын ынталы ықыласпен тыңдап қадір тұтады, бұл өлең-жырларда Отанды, халықты сүю, елдің береке–бірлігін сақтау, әділетті жақтау, жамандық–пасықтыққа қарсы тұру сияқты адамгершілік дәріптеліп отырды. Бұл ақын–жыраулар халықтың мұңын мұндап, жырын жырлады.

- 
- 15–18 ғасырда өмір сүрген қазақтың әйгілі ақын–жыраулары: Асанқайғы (15ғасыр), Қазтуған жырау (15ғасыр), Доспамбет жырау (1490-1523), Шалкиіз жырау (1465-1560), Тәтіқара ақын (18 — ғасыр), Үмбетей жырау (1706-1778), Бұқар жырау (1693-1778), Көтеш ақын (1745-1818), Шал ақын (1748-1819).

# АСАНҚАЙҒЫ

---

Асанқайғының жыр-толғаулары мен нақыл сөздеріне қарағанда, Дешті Қышшақтың кіндік мекені Еділ, Жайық бойынан қазақ руларының ірге көтеруін қолдамай, Керей мен Жәнібекке көп қарсылық білдірген айқын аңғарылады. Асанқайғының “Жерұйық” іздеуіне қатысты айтылатын аңыздардан да халықтың бас құрап, ірге орнықтырып, ел болу камын ойлауда оған шешуші міндеттің жүктелгені байқалады.

Ақыры, елдің ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді өмірлік мұрат еткен Асанқайғы Ордадан бөлінген қазақ руларын Шу, Сарысу бойына, Ұлытау төңірегіне қоныстандыруға атсалысып, халықтың темірқазығындай бағдарша болып өткені мәлім.



- 
- Ел ішіндегі шежіре сөздер мен күй аңыздарына қарағанда, Асанқайғы халық қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге дәулескер күйші де болған. Көптеген күйдің аты мен аңыз әңгімесі де әлі күнге дейін айтылады. Өкініштісі, бүгінгі күнге “Ел айырылған”, “Асанқайғы”, “Желмаяның жүрісі”, “Зар” сияқты санаулы күйлер ғана жеткен.

- Асан айтқан нақыл сөз, Асан айтқан толғау жырлар, әрине, өте көп болған.
- Бізге соның кейбір нұсқалары ғана жетіп отыр. Асан сөздерінің дені:
- *“Құйрығы жоқ, жолы жоқ құлан қайтіп күн көрер,*
- *Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер.*
- *Жалаң аяқ байпаңдап қаздар қайтіп күн көрер,*
- *Шыбын шықса, жаз болып таздар қайтіп күн көрер”*

# ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Қазтуған – ірі эпик, ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы, әрі нәзік лирик ақын болған. Қазтуған өз артына өмір туралы, ата мекен, туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол мұра қалдырды. Бұлардың дені сақталған. Қазтуғанның біздің дәуірімізге жеткен жырлары табиғат арасындағы көшпендінің болмыс, тіршілік, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді. Жырау қиялының байлығы, суреттеу тәсілдерінің кемелдігі мен әсемдігі көне дәуірдегі қазақ поэзиясының биік өресін, өзіндік сыпатын танытады. Қазтуғанның ұлттық баяуы қанық, афоризмдерге, көркем тіркестерге бай, өр рухты толғаулары туған әдебиетіміздің таңдаулы үлгілері қатарына жатады. Қазтуған Сүйінішұлының тек қана ақындығын ғана біз айтпай–ақ, ол өз заманының әрі батыры, әрі күйші, әрі биі, әрі шешені болған. Сегіз қырлы, бір сырлы.



- 
- Қазтуған нәр алған әдебиет — әрине, көшпенділердің көне поэзиясы, Кекі-Бұға, Сыпыра жыраулардың жалғаулары.

- Қазтуғанның нақыл тақпақ, жыраулық ой тұрғысынан келетін:
- ***“Балдағы алтын құрысы болат***
- *Ашылып шапсам дем тартар,*
- *Сусыным қанға қанар деп.*
- *Арғымақтың баласы,*
- *Арыған сайын тың жортар,*
- *Арқа мен қосым қалар деп.*
- *Арқа дария толқын күшейтер,*
- *Құйрығын күншалмаған балығым*
- *Ортамнан ойран салар деп.*

# ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ

---

Шалкиіз жыраудың туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы–түз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидаларды айқын аңғырылады.





# БИ ТЕМІРДІ ХАЖ САПРЫНАН ТОҚТАТУҒА АЙТҚАНЫ

---

- Қара бас күспен шалдырып,  
Көк теңіздің үстінде  
Көтеріп желкен аштырып,  
Жүк тиедің кемеге,  
Ниет еттің Тәңірінің үйі Кебеге!  
Жүк тиесең, кетерсің,  
Ниет етсең, жетерсің,  
Жетсең, тауап етерсің,  
Етектеп жиған көп халқың,  
Сұлтан ием, кімге асмар етерсің!..  
Ашалай шалың ақталап,  
Шемшірлігің ноқталап,  
Шал сақалың жылаттың,  
Атаңнан қалған көп халықты  
Ер өзіңден соңратын  
Тек бір жардан құлаттың!

# БҰҚАР ЖЫРАУ

Бұқар жырау(1668-1781) қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі ол шамамен 1668 жылдары туады. Жыраудың әкесі Қалқаман батыр, сірә, ел билеуші шонжар емес, жеке басының ерлігімен ғана аты шыққан адам болса керек. Жыраудың қайда оқығаны, қандай өмір мектебінен өткені туралы нақты деректер жоқ. Біз тек оның тым ерте көтеріліп, Тәуке тұсында-ақ хан төңірегіндегі ықпалды билердің бірі болғанын білеміз. Алайда, Бұқардың Тәукеден соңғы әміршілермен тіл табыса алмағаны аңғарылады. Жырау кедейшілікке ұрынады. Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың, тіпті сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы, кембағал халде күн кешеді. Алайда, өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам жасап, 1781 жыл шамасында қайтыс болады. Сүйегі Баянауылда, Далба тауының етегінде.



# КҮЛЛІ ӘЛЕМДІ ҚАРАТҚАН

---

- Күллі әлемді қаратқан,  
Ең алдымен Алланы айт.  
Бойыңа жан таратқан  
Аты жақсы Тәңірді айт.  
Төрт шәдияр Мұстафа  
Кітап ашқан ғалымды айт.  
Мұхамметтің аяты,  
Алла сөзі Құранды айт.  
Пайғамбардың сүндеті  
Бес уақытқы намазды айт.  
Тәңірім салса аузыңа  
Жан жолдасың иманды айт.  
Жамандыққа жақсылық  
Еткен таза арыңды айт.  
Қара қылды қақ жарған  
Наушәруандай әділді айт.

# ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

---

**Доспамбет жырау** XVI ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде Азау қаласында туады. Сол кезде Донның төменгі ағысын, Азау маңын мекендеген Кіші Орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты. Доспамбеттің бүкіл Дәшті-Қыпшақты жақсы білгені, Стамбұл мен Бақшасарайда да болғаны, сахара тұрмысымен қатар мұсылман кенттерінің жайына да қаныққаны аңғарылады. Өз заманындағы талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер жырау туыстас түркі тайпаларының арасындағы көп қырқыстың бірінде, 1523 жылдың бас кезінде Астрахань түбінде қаза табады. Өмірмен қоштасқан сәтінде Доспамбеттің жасы әлі отызға да толмаған еді.



# АЙНАЛА БҰЛАҚ БАСЫ - ТЕҢ

---

- Айнала бұлақ басы - Тең,  
Азаулының Стамбұлдан несі кем?!  
Азаулының Аймадет Ер Доспанбет ағаның  
Хан ұлынан несі жоқ,  
Би ұлынан несі кем?!  
Тәңірінің өзі берген күнінде  
Хан ұлынан артық еді менім несібем!  
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,  
Әйтсе де аламанға ат байлағаны жоқ еді!  
Сере, сере, сере қар,  
Асты кілең, үсті мұз,  
Күн-түн қатса жібімес.  
Мен көлікке қосымды артқанмын,  
Көмбідей ару жаларға  
Күректей мұзды тондырып,  
Кірмембес ауыр қолға бас болып,  
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!  
Дүниенің басы сайран, түбі ойран,  
Озар сойды бұ дүние  
Азаулының Аймадет Ер Доспанбет ағадан.

---

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!***